

398.5

М.78

**С. МУЗАФФАРОВА**

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

### **ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ЖОҚТАУЛАРЫНДАҒЫ ПОЭТИКАЛЫҚ БЕЙНЕЛЕУ ТӘСІЛДЕРІ**

*Мақалада фольклор жанрының бір түрі түркі халықтары жоқтаулары туралы сөз қозғалады. Өзбек халық жоқтауларының жанрлық ерекшеліктері түркі халықтары ауыз әдебиеті концепциясында алып қарастырылады. Ұқсату, сипаттау, ырғақ, параллелизм мәселелеріне баса назар аударылады.*

Кілт сөздер: жанрлық ерекшелік, радиф, параллелизм, теңеу, ырғақ.

Түркі халықтары жоқтауларына тән өмірлік мазмұнның қамтылуы осы жанрдың ең басты, белгілеуші ерекшелігі болып есептеледі. Жоқтауларда ұқсату, сипаттау, параллелизм, әуез, аллитерация сияқты бейнелеу құралдары берік орында тұрады. Бұл да жанр табиғатына сай болған талаптардан туындайды.

Халық әуендері мәңгілік айрылу және қоштасу әуендері болғандықтан, өзіне тән шын ниетті поэтикалық нәзіктік, қайраттандыру рәміздері, ұқсату мен күшейту, қисындық негіз және салыстырулар көп кездеседі. Зерттеулерден белгілі болғандай, жерлеу рәсімінде, яғни бір кісінің қайтыс болуы, оның отбасындағы орны мен ролі, қоғамда алға қойған мақсаты жайлы мағлұмат беру жоқтау жанрына тән жетекші ерекшелік. Бұл ерекшелік фольклордың басқа жанрларында кездеспейді. Жоқтаулардың орындаушыларының негізгі құрамын марқұмның ең жақын адамдары құрайды.

Жоқтаулар негізінен зор рухани ауырлықты, теңдессіз күйзелісті бастан кешіріп жатқан нақты, қарапайым адамдар тарапынан орындалады. Осы эмоциональды-трагедиялық шығармалардың көркемдігінде, әсіресе, оның ұйқас жүйесінде де бейнеленуі табиғи.

Жоқтау, күйзелу, қиналу, қайғыру мағыналарын көрсетуші сөздердің ұйқасқа тартылуы, ұқсамайтын жағдай емес.

Жоқтаулардағы радиф жайлы да арнайы тоқтаған жөн. Басқа поэтикалық жанрлардағы, жыр формаларындағы радифтер мен жоқтаулардағы радифтердің композициялық және ырғақтық ерекшеліктерінде көбінесе өзіне тән ерекшелік көзге түседі. Солардың бірі олардағы сөздердің көбірек туған-туысқандық түсінік пен байланыстылығында болса керек:

Хандарменен хандасқан

Ханзадам, әкем.

Сондай-ақ: Бектерменен белдескен  
Бекзадам, әкем...[3]  
Гүл үзерім анам,  
Ах, ұрарым анам...  
Ексем бітпес майданым анам  
Шақырсам келмес мейманым анам  
Кешкісін сырласым, анам,  
Күндізі мұндасым, анам...[4]

Шумақ, ұйқас, радиф сынды поэтикалық ұқсастық-жоқтаулардың жалпы ырғақтық жағдайын нақты күйде көрсетіп бере алады. Біз жоқтаулардың негізінен тармақ өлшемінде екенін байқадық. Сондай-ақ, қатарлардағы буын санына назар аударылса, олардың барлық түркі халықтары жоқтауларына тән (сондай-ақ өзбек фольклорына да тән) көріністе екенін байқаймыз. Яғни, жоқтаулар, көбінесе 7-8 буынды болып келеді. Мысалы:

Сайларға біткен сым терек,  
Сым терекке су керек.  
Ұлдарымның тойында,  
Жаным анам сен керек...[3]

Соған қарамастан осы жанр үлгілері арасында қатарлар арасындағы буындардың сан алуандығы да көзге тасталады:

Сондай-ақ,, Қабырыстанның топырағы майда еді,  
Сізбенен дидар көріспек қайда енді...  
Қалам-қалам қастарыңды,  
Құстар мекен етті-ғой, анашым...[5]  
Айыр таудай жұбанышым анам,  
Сұр таулардай сүйенішім анам...[4]

Түркі халықтары жоқтауларындағы әсер ету құралдары өзіне тән көріністе кездеседі. Мұнда бастапқыда көзге түсетін өзгерістер ырғақтық синтаксистік параллелизмдер.

Мысалы: Қарлар жауған басыма,  
Пана болған жан ағам-беу, ағам...  
Жаңбыр жауған басыма,  
Сая болған жан ағам-беу, ағам...[3]

Түркі халықтары ауыз әдебиетін жан-жақты зерттеген көрнекті ғалым М.Б.Руденко күрд және орыс халық жерлеу рәсімдеріндегі кейбір жағдайларды қарастырып, былай деп жазады: «Егер орыс жоқтауларында марқұмды ешқашан туыстық атаулармен айтпаса да, әрбір туыстық үшін нақты орындау тән болса, күрд жоқтауларында туыс-туғандық атаулары табу етілмейді»

Белгілі орыс ғалымы А.Н.Веселовский ырғақтық және психологиялық параллелизмдерді ажыратып көрсетеді. Ал, жоқтауларда бұл тәсіл кеңінен қолданылады:

Аспандағы бұлттың-ау,  
Жауатынын білмедім,  
Есіз ғана ағамның-ау,  
Өлетінін білмедім...беу ағам, беу ағам, беу ағам...[4]

Немесе:

Аспандағы қырық жұлдыз,  
Әуелеп кетті батқаны,  
Қадірменді анамның,  
Қиямет болды жеткені...[5]

Осы мысалдарда аспандағы бұлт - әке, жауын - өлім салыстырмасы және жұлдыз - ана, әуелеп кетпек (жоғарыламақ) - қияметке кетпек (өлмек) көрінісі де параллелдікті жүзеге шығаруда.

Қорыта айтқанда, жоқтаулардың бейнелеу принциптерінде де өзгешелік жоқ. Бұл принциптердің барлығы жанрдың табиғаты, оның өмір сүру тәрізімен тікелей байланысты болып келеді. Жоқтауларда да ұқсату, сипаттау, параллелизм, әуез, ырғақ сияқты бейнелеу құралдары жетекші орында тұрады. Бұл жанр табиғатына сай болған талаптардан туындайды.

Түркі халықтары жоқтауларының поэтикалық көрінісін жан-жақты зерттеу алдағы күннің еншісі болар деп ойлаймыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Гулер*. Фарғона халқ қушқлары. Узбек халқ ижоди. Тупловчи: Х. Раззақов. -Т.: «Ғафур Ғулом», 1967. -249 б.
2. *Кармышева Б.Х.* Арханческая символика в погребально-поминальной обрядности узбеков Ферганы. -М.: «Наука», 1986.
3. *Саримсақов Б.* Узбек маросим фольклори. 1 том. -Т., «Фан», 1988.
4. *Имамов К., Мирзаев Т., Саримсақов Б.* Узбек халқ оғзаки поэтик ижоди. -Т.: «Уқитувчи», 1990. -304 б.
5. Тафаккур чечаклари. -Т., «Фан» 1992.
6. *Руденко М. Б.* Курдская обрядовая поэзия.- М., «Наука», 1982.
7. *Махмуд Қашгарий.* Туркий сузлар девони. 1 том -Т., «Фан», 1960.

## Музаффарова С. Түркі халықтары жоқтауларындағы поэтикалық...

### РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются древние жанры фольклористики. Роль и особенности обычаев, традиции узбекского народа в природе их семантики и поэтики, рассматриваемые в контексте тюркских народов.

**(Музаффарова С. Способы поэтического изображения в обрядах оплакивания у тюркских народах)**

### SUMMARY

This article deals with the ancient Uzbek folklore genre. The role of customs, traditions of Uzbek nation in the context of Turkish speaking countries.

**(Muszaffarova S. How poetic images in the rites of mourning among the Turkic peoples)**

### ÖZET

Makalede folklor janrlarından (şekillerden) ağıtlar söz konusu olur. Özbek halk ağıtlarının tür çeşitleri Türk halkları folklorü açısından değerlendirilir. Benzetme, kitelendirme, ritim meselelerine öncelik verilir.

**(S.Muzaffarova Türk halkları ağıtlarındaki şiir anlatım metodları)**